Бір түлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе, шыға алмайды. Сол кезде бір ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келеді. Түлкіні көріп: - Әй, түлкі батыр, неге апанда отырсың?- деп сұрайды.Түлкі: - Ой, неғыласың, жаныма рахат тауып тұрмын. Қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық суы бар екен,- деп жауап береді. Мұны естіп ешкі: -Мен де салқын су ішейін,- деп апанға түседі. Түлкі секіріп ешкінің үстіне мінеді. Онан соң мүйізіне шығады. Мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетіпті. «Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» - деген осыдан қалыпты.

Түлкі мен қоян

Ұзын құлақ сұр қоян қашып келіп, бұта түбінде бұғып жатады. Бір қу түлкі оның ізіне түсіп, жортып келе жатқан.Түлкі ақырын аңдып келеді де, қоянды тарпа бас салып:

-Аһа-а, қолға түстің бе, бәлем! – деді.Сол кезде қоян көкке қарап:

-О-о, Түке! Құрыдық! Енді екеуміз де өлетін болдық, деп жылап жібереді.

-Ей, не айтып тұрсың? – деді түлкі.

-Ойбай- ау! Ана бұлттың арасында екі бүркіт келе жатыр ғой бізге. «Бүркіт» десе өлердей қорқатын түлкі:

-Не дейді мынау!?- деп шошып кетті.

-Бүркіт келе жатыр дедім ғой, бүркіт!- деді қоян онан сайын еңіреп. Түлкі қайтерін білмей, қатты сасып:

-Әй, енді не істейміз!? – деді қоянға.

-Сіз мына тұрған орманға қашыңыз. Мен оларды осында айналдыра тұрайын. Түлкі қоянды тастай салып, орманға қарай безіп жөнелді. Қоян қуана секіріп:

-Уһ, бір ажалдан қалдым-ау!-деді.

Т. Жексенбай

Түлкі мен қасқыр

Бұрынғы уақытта бір қасқыр мен түлкі жолдас болыпты. Бір жерге келгенде, қасқыр түлкіге айтыпты:

-Менің басым ауырып барады, тамырымды ұстап білші. Сонда түлкі тамырын ұстап тұрып:

-Басың өте қатты ауырып тұр екен, олай-бұлай жүгіріп, құйрығыңды көк мұзға қойғын, - депті. Сонда қасқыр олай-бұлай жүгіріп келіп, құйрығын көк мұзға қоя қойғанда, құйрығы мұзға жабысып, өзі сол жерге қатып қалыпты.

Күшік пен мысық

Ауылдағы көршілес екі үйдің бірінің қара күшігі, бірінің ала мысығы болды. Бір күні қара күшік көршінің бағына кіріп, сонда жүрген ала мысықты тұра қуды. Мысық қашып барып алма ағашқа шығып кетті. Күшік ағаш түбіне келіп:

-Әу-әу-әу, әу-әу-әу! – деп, мысыққа қарап шабаланып тұрып алды. Мысық та оған құйрығын қыбырлатып, белін күжірейтіп, тұмсығын тыржита айбат шекті. Сол сәтте жұдырықтай бір қызыл алма сабағынан үзіліп, күшіктің басына келіп топ ете түсті! Күшік қаңқ ете қалды да, «мысық ұрды екен» деп қаша жөнелді. Ол енді өз ауласына барып, тағы да мысық жаққа қарап шәуілдеп тұрған. Сол кезде мысық ағаштан жерге қарғып түсіп еді, ол

«және ұрады екен» деп ойлап, күшік жүгіріп барып үйшігіне кіріп кетті. Содан бастап қара күшік ала мысықты қумайтын болды.

Т. Жексенбай

Тиін мен кірпі

Ерте, ерте, ертеде Тиін мен Кірпі өмір сүріпті. Олар айрылмастай тату достар екен. Бірде Тиін бір қорап жеміс тауып алады. Бірақ ол туралы Кірпі досына айтпай қояды. «Егер мен жемісті тарататын болсам, онда өзіме ештеңе қалмайды. Сондықтан мен барлық жемістерді тығып тастайын», – деп ойлады ол. Бірақ қораптан бірнеше жемістер түсіп қалады. Мұны Тиін елемейді. Біраздан соң сол жерге азық іздеп Кірпі келеді. Ол жерде жатқан

бірнеше жемісті көріп, жинап алады да, Тиінге қарай асығады. Кірпі:

- Сәлем, Тиін! Мен бүгін бірнеше жеміс таптым. Оларды тең бөліп алайық, - дейді. Тиін болса, ыңғайсызданып:

- қажет емес, өзің жей бер, - дейді. Кірпі болса түсінбей:

- біз сенімен дос емеспіз бе, ал достар бәрін екіге бөліп жеу керек — дейді. Тиін өзінің ісінен ұялады. Енді досымның сыйлығын алмасам бұл да ұят болар деп ойлап, жемістерді қабыл алады да, өзінің тыққан жемістерімен де бөліседі. Кірпіден кешірім сұрап, алғысын білдіреді.

Қияр мен қырыққабат

Ертеде қияр мен қырыққабат қол ұстасқан дос болыпты. Бір күні екі дос суға шомылуға өзенге келіпті. Келген бетте қияр шешініп, суға күмп беріпті де, жүзе бастапты. Қырыққабат бір-бірлеп, қабат-қабат «көйлегін» шешкенше күн де батып, қас қарайыпы. Осыған дейін су ішінде қалшылдап тұрған қиярдың терісі әбден күлдіреп кетіпті. Қиярдың қабағындағы бүршіктер, міне, содан пайда болыпты.

Қу түлкі

Жолбарыс бір түлкіні ұстап алады. Түлкі құйрығын бұлаңдатып, тұмсығын жоғары көтеріп:

- Мені жей алмайсың! Мен осы орманға қожалық етуге келгенмін, — дейді.

Жолбарыс түлкіге олай бір, былай бір қарап, сенбей:

Мүмкін емес, — дейді.

- Сенбесең, менімен бірге орманға жүр. Ондағы барлық аңдардың менен қалай қорқатынын өз көзіңмен көр, — дейді түлкі.

Жолбарыс бұған келіседі. Түлкі жолбарыстың алдына түсіп, паңдана жүріп отырады. Жолбарысты көріп аңдар мен құстар зәресі ұшып, тым тырағай қашады, ұялары мен індеріне тығылады, аспанға ұшады. Ал қу түлкі басын онан сайын көтере түсіп:

- Ал, енді көзің жеткен шығар! Менен қорықпайтын жан бар ма тірі?— деп мақтанады.

- Я, сен шынында да айбарлы екенсің, — деп алданған жолбарыс жайына кетеді.

Тапқыр қоян

Бірде аңдардың патшасы арыстан бәйге жариялапты. Бір қазан суды қайнатып қойып: «Осы суды кім ішіп қойса, көп сыйлық беремін», - деп жар салыпты. Аңдар бірінен соң бірі келеді. Қанша өжеттенсе де, қайнап тұрған суды ішуге ешкімнің батылы бармапты. Ең соңында қоян келеді. Қып-қызыл шоқта тұрған қазанды көтеріп алады да: -Суды ыстықтай ішуді өте жақсы көремін, - деп жан-жағына қарайды. Ендеше, іше ғой, - дейді аңдар аң-таң қалып. Қоян ұзыннан-ұзақ, қаз-қатар тізіліп тұрған аңдарды жағалай жүріп: Мінеки, достарым, мынау ыстық су. Көздеріңмен көріңдер, - деп барлығына көрсетіп шығады. Қоян аңдарды басынан аяғына дейін аралап

шыққанша, қазандағы су суып қалады. Ал, тапқыр қоян суып қалған суды басына бір-ақ көтеріп, сіміріп салады. Таңданған аңдар ауыздарын ашып, көздерін жұмады. Алданған арыстан уәдесі бойынша қоянға көп сыйлық беріп: «Міне, нағыз ер!» - деп мақтаныпты.

Түйе мен түлкі

Түлкі тоғайда түйені көреді. Денесі ойқы–шойқы, олпы–солпы екен. Осыдан бірдеңе түсіп қалар деп алыстан аңдып жүреді. Бір күні түйе өзеннің арғы жағына өтеді. Оны бақылап тұрған түлкі:

-Иә, түйе, су терең бе екен? – деп сұрайды.

-Терең емес. Тізеден ғана. Тізеден ғана болса, таяз екен, – деп түлкі түйе жаққа өтпек болады. Суға түседі де, арғы жағаға қарай жүре бастайды. Әрі қарай жүрген сайын батып, қылғынып бара жатады. Сол кезде түлкі түйеге айқай салады:-Тізеден дегенің кәне, мен батып барам ғой!

-Е, сенің тізең мен менің тізем бірдей ме? «Әлін білмеген – әлек» деген осы, –дейді түйе.

Құлын, қозы, лақ

Жаз. Өрісте лақ, құлын, қозы кездесе кетті. Іші пысқан олар бірігіп ойнамақ болды. Әуелі нендей ойын қызық екенін талқыға салды.

Сөзді ақ лақ бастады.

- Ойынның қызығы тауға шығу. Тастан секіру. Әрі қан тарайды, әрі етті боласың. Қошақан лақтың сөзін жаратпады.

Секіріп, атылып ойнау ойын емес. Ойынның қызығы қошқарға сарт- сұрт сүзгізу. Әрі күшің толады, әрі бұлшықетің қатайды.

- Сендердің ойындарың көңілге қонбайды. Ойнаған соң шапқылап жарысайық. Тұра қалып тебісейік, - деді құлын.

Үшеуі қызыл кеңірдек болып ұзақ керісті. Ақыры келісе алмай, әрқайсысы өз жөндеріне кетті.

Шұбар тауық

Баяғыда бір атай мен әжей күнін әзер көріпті, екеуінің жалғыз шұбар тауығы болыпты. Тауығы жұмыртқа тауыпты, анау-мынау жұмыртқа емес, өзі алтын жұмыртқа екен. Атай ұрып-ұрып жара алмапты. Тышқан ерсілі-қарсылы зырлап бағыпты, құйрығын бұлғап қалыпты, жұмыртқа жерге түсіп кетіпті, түбіне сол жетіпті. Кемпір мен шал жылапты, тауық сонда жұбатты: Жыламашы, аташым! Мұңаймашы, әжешім! Жұмыртқа тауып беремін, алтын емес жылтылдақ, ас боларын-керегін!

Үш жалқау

Ертеде бірінен-бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйықтай береді екен. Бірде үшеуі жолға шығыпты. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті.

Бірінші жалқау:

- Е, құдай, мына өріктер піссе,- депті. Екіншісі: - Ауызға келіп

түссе,- депті. Сонда үшіншісі оларды кінәлай сөйлеп: - Түу, соны айтуға қалай ерінбейсіңдер?- депті.

Әтеш пен тоты

Ертеде тоты мен әтеш айырылмас дос болыпты. Ол кезде тоты құс жерде өмір сүреді екен. Тотықұс бір күні әпкесінің үйіне қонаққа бармақ болады. Өзінің әдемі көйлегі болмағандықтан әтештің үстіндегі әдемі көйлегін сұрайды. Әтеш көйлегін беруге келіседі. Тотықұс қонақтан келгесін қайтаратын болады. Тотықұс әтештің әдемі көйлегін киеді. Киініп, таранып жолға дайындалады. Әтеш тотықұстан: қашан келесің? деп сұрайды. кешікпей келемін деп жауап береді тотықұс. Кешіксең қайтемін? Деп сұрайды әтеш. Ондайда айғайлап шақыра қойсаң болғаны, лезде келемін дейді тотықұс. Тотықұс сол кеткеннен мол кетеді. Әтеш әне күтеді, міне күтеді, көйлегін киген досы келмейді. Шыдамы таусылған әтеш қораның басына шығып: Ку ка ре ку!!! Деп тотықұсты шақырады. Бірақ тотықұс келмейді. Әтеш оны әлі күнге дейін шақырады екен.

Екі әтеш

Ертеде бір кемпір-шалдың екі әтеші болған екен. Олар қолдарына түскен жемдерін сол әтештерге беріп асырапты.

Бір күні кемпір құстарына жем шашады. Қарындары ашқан әтештер жүгіріп келеді. Шұбар әтеш қасында жүрген досынан жемді қызғанып, бергісі келмейді.

-Шіркін, мына жемнің бәрін жалғыз өзім жеп, бір тойсам-ау,-деп ойлайды. Сөйтіп шұбар әтеш қасындағы сұр әтешті қайта-қайта шоқып, жем жегізбейді, мазасын алады.

Ақырында сұр әтеш ызаланып, шұбар әтешті шоқып алады. Осыдан соң екі әтеш жүндері үрпиісіп, төбелесе кетеді. Екеуінің де үсті-басы жұлым-жұлым болады. Бұлар таласып жатқанда, көрші үйдегі тауықтың балапандары келіп, жемді түгін қалдырмай жеп кетеді.

Айна

Бір күні кірпі, қоян, керік орманда келе жатып, ағаштың артынан бір нәрсенің жылтырағанын байқады. Олар сол затқа қарай жақындап келіп, мұқият қарайды.

-Өзінің үсті-басы тікенек, кішкентай ғана көздері бар, бұл кім?— деп сұрады кірпі.

- Кәне, көрейінші, - дейді қоян. - Жоқ, оның мүлде тікенегі жоқ, құлағы ұзын, көзі қызыл, мойны қысқа ғой.

- Мен де көрейінші, - деп керік килігеді. - Жоқ, оның мойны қысқа емес, ұзын, құлағы тікірейген, бойы биік, - деп таңғалыпты.

Ат пен есек

Бір кісі бір ат, бір есекке жүк артып, жолмен қалаға келе жатты. Есек жүгін ауырлап шаршап, атқа: «Жолдасым, менен біраз жүк алшы, мен

көтере алмай, өлуге келемін»,- деді. Ат жәрдем етпеді. Жолшыбай есектің халі бітіп, жығылып өлді. Сонан соң иесі есектің барлық жүгін және терісін сыпырып алып, атқа артты. Сонда ат айтты: «Күнә менде, егер есектен біраз жүк алсам, бұл оқиға болмас еді. Енді, міне, сорлап, есектің барлық жүгін де, терісін де әкеле жатырмын».

Арыстан мен түлкі

Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын болды.

Енді аңдарды айламен аулағысы келді. Өзі үңгірде жатты да:

- Аурумын, жүруге әлім жоқ, - деп барлық аңдарға хабар таратты.

Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуін де қайтармайды. Бәрі де арыстанға жем болды. Бір күні түлкі келді. Ол үңгірден алысырақ тұрды да:

- Халіңіз қалай, тақсыр?- деп көңілін сұрады.

- Халім нашар. Неге жақынырақ келмейсің? Берірек кел, түлкіжан, бір азырақ сөйлесейік, - деді арыстан.

Түлкі:

- Мен саған жақын барар едім-ау, бірақ саған кірген із бар да, шыққан із жоқ! - деп жүріп кетіпті.

ӘНДЕР

Ән: «Қолшатыр»

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызы

Көңілді

Жаң - быр жау - ды түк - түк, Там - шы - лай - ды көп - көп,

5 Се - руен - дей - ік топ - топ, Ас - па - ны - мы көк - көк

9 Қо - лы - мыз - да қол - ша - тыр Қы - зыл, са - ры, көк, жа - сыл

13 Қо - ық - пай - мыз жаң - быр - дан Сен ба - тыл да мен ба - тыл

Жаңбыр жауды түк-түк
Тамшылайды көп-көп
Серуендейік топ-топ
Аспанымыз көк-көк.

Қайырмасы:

Қолымызда қолшатыр
Қызыл,сары, көк, жасыл
Қорықпаймыз жаңбырдан
Сен батыл да, мен батыл

Жаңбыр жауды түк-түк
Тамшылайды көп-көп
Өссін жерде шөп-шөп
Жаушы жаңбыр төк-төк

Қайырмасы:

Қолымызда қолшатыр
Қызыл,сары,көк,жасыл
Қорықпаймыз жаңбырдан
Сен батыл да,мен батыл

«Туған жер»

Сөзі мен әні: Гүлдана Ерікқызы

Біз ба - қыт - ты ба - ла - мыз А - қы - лы мол са - на - мыз

5 1.
Ту - ған жер - дің тө - рін - де Ой - нап а - сыр са - ла - мыз

9 2.
са - ла - мыз.

Біз бақытты баламыз
Ақылы мол санамыз.
Туған жердің төрінде
Ойнап асыр саламыз.

Күлімдесін күніміз
Өссін жайнап гүліміз.
Туған жердің төрінде
Шырқалсын жыр әніміз!

«Ақ қоян»
Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова

Ап - пақ қар - да ақ қо - ян І - зі қал - ды ә - не - кей
 3 Біз - бен бір - ге би - ле - ші Не - гып тұр - сың үн - де - мей.
 5 Топ, топ се - кі - ріп, Шыр - ша - мыз - ға жа - қын - да
 7 Құ - лақ са - лып тың - да - шы, Ә - ні - міз бар та - ма -
 9 ша.
 11 Жа - сы - рын - бақ ой - най - ма,
 13 Қай - да кет - ті ақ қо - ян? Би - ле - ме - сең біз - бе - нен
 15 Сый - лы - ғың - ды ап қо - ям. Топ, топ се - кі - ріп,
 17 Шыр - ша - мыз - ға жа - қын - да Құ - лақ са - лып тың - да - шы,
 Ә - ні - міз бар та - ма - ша.

Аппақ қарда ақ қоян
 Ізі қалды әнекей
 Бізбен бірге билеші.
 Неге тұрсың үндемей

Қайырмасы:
 Топ, топ, секіріп.
 Шыршамызға жақында.
 Құлақ салып тыңдашы.
 Әніміз бар тамаша.

Жасырынбақ ойнай ма?
 Қайда кетті ақ қоян?
 Билемесең бізбенен.
 Сыйлығыңды ап қоям.

Қайырмасы:
 Топ, топ, секіріп.

Шыршамызға жақында.
Құлақ салып тыңдашы.
Әніміз бар тамаша.

«Жаңбыр»

Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова

Жаң - быр, жаң - быр жа - уа - ды Там - шы - ла - ры со - ға - ды.
4 Тырс, тырс, тырс, тырс. Там - шы - ла - ры со - ға - ды.
8 Жаң - быр, жаң - быр жа - уа - ды. Та - зар - та - ды а - уа - ны.
12 Тырс, тырс, тырс, тырс. Та - зар - та - ды а - уа - ны.
16 Жаң - быр, жаң - быр жа - уа - ды. Тоң - ды - ра - ды ба - ла - ны.
20 Тырс, тырс, тырс, тырс. Тоң - ды - ра - ды ба - ла - ны.
24 Жаң - быр, жаң - быр жа - уа - ды. Кем - пір - қо - сак шы - ға - ды.
28 Тырс, тырс ба - сыл - ды. Күн - нің қо - зі а - шыл - ды.

Жаңбыр, жаңбыр жауады.
Тамшылары соғады.

Тырс-тырс-тырс-тырс
Тамшылары соғады.

Жаңбыр, жаңбыр жауады.
Тазартады ауаны
Тырс-тырс-тырс-тырс
Тазартады ауаны

Жаңбыр, жаңбыр жауады
Тоңдырады баланы
Тырс-тырс-тырс-тырс
Тоңдырады баланы.

«Қыздарға»
Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова



Қыздар, қыздар, қарашы,
Біздер күштіміз.
Қорғап жүрер сендерді,
Жігіттеріміз.

Қайырмасы:

Кел биле, кел биле,
Әсем бименен, ел биле, кел биле,
Әсем бименен.

Қыздар, қыздар әдемі.
Көйлек киген
Бұраласың майысып,
Әсем бименен.

Қайырмасы:

Кел биле, кел биле,
Әсем бименен,
Кел биле, кел биле,
Әсем бименен.

«Әжем-әнім»

Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова

Ә - жем кел - се ку - а - ған Жы - лап
5 тұр - сам жү - ба - ған, Ме - нің ап - пақ ә - жем -
9 ді, Сый - лай - ды ғой бар #1. дам.
13 Қа - ғе біз - ге қа - ра - ңыз Бал - дай тәт - ті ба - ла - мыз.
17 Ә - же - та - йым ө - зі - не, Ер - ке - лей - ді ба - ла - ңыз.

Әжем келсе қуанам.
Жылап тұрсам жұбанам.
Менің аппақ әжемді,
Сыйлайды ғой бар адам.

Қайырмасы:

Қане бізге қараңыз.
Балдай тәтті баламыз.
Әжетайым өзіңе,
Еркелейді балаңыз.

Көктем күні тамаша.
Ән шырқайық жаңаша.
Бізбен бірге әжемде,
Күліп отыр балаша.

Қайырмасы:

Қане бізге қараңыз.
Балдай тәтті баламыз.
Әжетайым өзіңе,
Еркелейді балаңыз

Күзге сәлем!
Сөзін жазған: А.Еспенбетова

Күз - ге сә - лем! Бү - кіл ә - лем Са -

р(ы)ал - тың - дай Жап - қан кі - лем. Сә - лем, сә - лем,

Ал - тын күз! Жа - ны жо - март жар - қын күз! Жаз -

жар - қын күз! Сә - лем, сә - лем, сә - лем,

Күзге сәлем!
 Бүкіл әлем
 - Сары алтындай
 Жапқан кілем

Қайырмасы:
 Сәлем,сәлем алтын күз
 Жаны жомарт жарқын күз!

Жазғы шудан
 Дала тынған
 Естілмейді ән
 Құстар салған

Қайырмасы:
 Сәлем,сәлем алтын күз
 Жаны жомарт жарқын күз!

Сұлу көктем

Әні: А.Еспенбетова

Сөзі: С.Жиенбаев

Көк - тем қан - дай кө -ңіл - ді Кү - міс жаң - быр
3 тө - гіл - ді. Мөл - дір ас - пан а - шы - лып,
6 Күн пер - де - сі сө - гіл - ді. Көк - тем, көк - тем сұ -
9 лу нет - кен! Күн сәу - ле - сі нұ - рын төк - кен. Көк -
12 тем, көк - тем сұ - лу нет - кен! Күн сәу - ле - сі нұ -
15 рын төк - кен.

Көктем қандай көңілді
Күміс жаңбыр төгілді
Мөлдір аспан ашылып
Күн пердесі сөгілді.

Қайырмасы:

Көктем, көктем сұлу неткен!
Күн сәулесі нұрын төккен.

Бақытты баламыз

сөзін жазған А.Еспенбетова

Әндете

Кө - гі - міз - де ал - тын нұр Се - біл - ген - дей жер - ге гүл.

Ба - ла - бақ - ша ба - ғын - да Сай - ран - дай - мыз ой - нап бір.

Ба - қыт - ты ба - ла - мыз Би би - леп, ә - сем ән са - ла - мыз.

Ба - қыт - ты ба - ла - мыз Би би - леп, ә - сем ән са - ла - мыз.

Көгімізде алтын нұр,
Себілгендей жерге гүл.
Балабақша бағында,
Сайрандаймыз ойнап бір.

Қайырмасы:

Бақытты баламыз
Би билеп, әсем ән саламыз

Балабақша бағында,
Еркелетсе үлкендер.
Сайрандаймыз ойнап бір,
Мәз-мәйрам боп қаламыз.

Қайырмасы:

Бақытты баламыз
Би билеп, әсем ән саламыз

Наурыз келді алақай!

сөзін жазған А.Еспенбетова



Наурыз келді алақай!
Кел, билейік балақай.
Біз де қарап тұрмайық
Тойға шашу шашайық

Қайырмасы

Ля-ля,ля-ля
Тойға шашу шашайық

Той-думанға келіңіз
Тамашаны көріңіз.
Ән шырқайық бәріміз
Қосыл қане,бәріңіз.

Қайырмасы

Ля-ля,ля-ля
Қосыл, қане бәріңіз.

«Күз мезгілі»

Сөзі мен әні Ақнабат Айтуова



Күз мезгілі келді.
Салқын түсер енді.
Суық, суық дала,
Тоңып қалды бала.

Қайырмасы:

Ища-ища-ищай,
Тоңып қалды бала.
Ища-ища-ищай,
Тоңып қалды бала.

Сары, сары, сары,
Айналаның бәрі.
Сары, сары, сары
Алтын күздің бағы.

Қайырмасы:

Ля-ля-ля-ля-ля
Алтын күздің бағы.
Ля-ля-ля-ля-ля
Алтын күздің бағы.

ҚИМЫЛДЫ ОЙЫНДАР

Тақия тастамақ

Мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшандыққа баули отырып, дене белсенділігін дамыту.

Ойын барысы: Ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреуінің артына білдіртпей тақияны тастап кетеді. Егер біреу сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

Арқан тарту

Мақсаты: балаларды икемділікке, жылдамдыққа баули отырып, қимыл белсенділігін дамыту.

Ойын барысы: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып алып келсе, сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

Кім жылдам?

Мақсаты: жүгіруге, қимыл дағдылары мен ептілікке үйрету.

Ойын барысы: Ойын аулада, спорт залында, бөлмеде ойнала береді. Ойыншылар ойынға екі екіден қатысады. Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды. Сонан соң ойын жүргізуші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзақ белбеу тастайды да «бір, екі, үш» деп санайды. «Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, соның жеңгені. Бұл адамның өз денесін еркін меңгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең соңында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.

Ақсүйек

Мақсаты: балаларда тапқырлықты дамыту, жүгіруге жаттықтыру

Ойын барысы: Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жұлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуға

тырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді

Ақшамшық (сақина салу)

Мақсаты : балаларда жылдамдықты, ептілікті дамыту.

Ойын барысы: Бұл – қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны сақина салу, сақина тастау деп те айтады. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір баланы немесе бір қызды шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша қыз жігіттер үйде дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізушінің алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол барлық адамдардың алақанына сақина салған болады, «Тұр сақинам, тұр», - деп, немесе

«Ақшамшығымды бер!» деп дауыстайды. Сол сәт сақина тасталған адам орнынан атып тұруға тиісті, «Сақина менде», - деп. Оны көршісі ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

Жаяу көкпар

Мақсаты: балаларда ептілікті дамыту, жүгіруге жаттығу

Ойын барысы: Бұл ойын спорт залында, жазды күні кең жазықта (аулада) ойналады. Жазық алаңның бір шетіне шағын дөңгелек шеңбер сызылады да, ішіне құм түйілген ак шүберек қойылады. Алаңның екінші шетінен де сондай сызық сызылып оны көмбе деп белгілейді. Ортадан сызық сызылады. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді де сол ортадағы сызықта сап құрып тұрады. Ойынды жүргізу үшін екі топқа ортақ бір басқарушы тағайындалады. Орамал жатқан және көмбе етіп белгіленген жерде екі ойыншы бақылаушы болып тұрады. Басқарушының берген белгісі бойынша ойын басталады. Әр топтың ойыншысы құм түйілген шүберекке бұрын жетіп, оны көмбеге жеткізуге тырысады. Топтың қалған ойыншылары оған көмекке келеді. Ал қарсы топ, одан шүберекті алып, өздері апаруға тырысады. Қызу тартыс басталады. Ойынға қатысушылар айла амал қолданып, алаңның ішінде бұлттарып қаша жүріп, өз тобының көмбеге бұрын әкелуін қарастырады. Бірақ белгіленген межелі жерден шығуға болмайды. Көмбеге белгіленген мерзімде жеткізген ойыншы ұпайды көбірек алады, Ойынға допты да пайдалануға болады.

Тауық қорадағы түлкі

Мақсаты: балаларды ептілікке, икемділікке тәрбиелеу

Ойын барысы: Залдың бір жақ шетіне тауық қораны орналастырады (гимнастикалық орындықтарды пайдалануға болады). Қорада тауықтар ұяда отырады. Залдың қарсы бетінде – түлкінің ұясы. Қалған бос орынның бәрі – аула. Ойынға қатысатын балалардың бірін түлкінің рөліне сайлайды. Қалған балалар – тауықтар. Педагогтің белгісі бойынша тауықтар секіріп түсіп,

аулада жүгіреді, қанаттарын қағады, дәнді тұмсықтарымен шоқиды. «Түлкі» деген белгі берілген кезде тауықтар қораға қарай қашып, орындарына отырып алады. Ал, түлкі тауықтарды қолға түсіруге тырысады. Құтылып үлгермеген баланы өзінің ініне алып кетеді. Түлкі 2-3 тауықты қолға түсіргеннен кейін басқа түлкі сайланып, ойын қайта жалғасады.

Қасқыр мен ешкі

Мақсаты: ұжымдық әрекет жасауға, ептілікке үйрету.

Ойын барысы: Ойынға қатысушыларға санамақ айтқызу арқылы қасқыр мен ешкіні таңдайды. Басқа балалар бақташы болады. Бақташылар қол ұстасады да, ешкіні ортаға алып дөңгелене жүре бастайды. Қасқыр шеңбер ішіндегі ешкіні ұстауға әрекет жасайды. Алайда, оған тек қақпа арқылы ғана өтуге болады. Дөңгелене айналып жүргендердің ішінен екі бала қолдарын көтеріп алады. Бұл қақпа. Қасқыр амалдап сол тұстан өтуге тиіс. Ал ешкі өз еркінше жүре береді. Қасқыр ешкіні ұстағанша ойын жалғаса береді.

Қарлығаш Мақсаты: балаларды ептілікке үйрету.

Ойын барысы: Залға ойыншылардың санына қарай шеңберлер қойылады. Бұл – қарлығаштардың үйі. Балалар (қарлығаштар) қанаттарын жайып ұшады. «Қарлығаш, қарлығаш, қарлығаш – біздің үйге ұшып кел!» деген сөзден кейін үйлеріне (шеңберге) кіреді.

Үш орындық ойыны

Мақсаты: балаларда ептілікті дамыту, жүгіруге жаттығу

Ойын барысы: Үш орындық ойының кең бөлмеде, спорт залдарында ойнауға болады. Ол үшін ортаға үш орындық қойылады. Ойынға қатысушылардың санына байланысты орындықтың көбейе түсуі мүмкін. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша ойыншылар ортада тұрған орындықтарды айнала жүгіреді. Ойын қыза бастағанда жүргізуші «отырыңдар» деген белгі береді. Сол кезде ойыншылар орындықтарға отырыса қалады. Ал орындыққа отырып үлгере алмағандар, ойыннан шығады. Енді орындықтың бірі алынып қойылады да, ойыншылар қалған орындықты айнала жүгіреді. Ойын бір орындық пен екі ойыншы қалғанға дейін, олардың бірі жеңіп шыққанға дейін жүргізіле береді. Сонан соң ойын қайта басталады да, артынан жеңімпаздар арасында өзара тартыс басталады. Жеңіп шыққан ойыншы ең жылдам ойыншы деп аталады. Әр топтың жеңімпаздарына мақтау сөздер айтылып, сыйлықтар беріледі.

Қырықаяқ

Мақсаты: балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікке үйрету

Ойын барысы: Бұл ойын тегіс жерде, балабақша ауласында, дене шынықтыру залында ойналады. Ойнаушылар орталарынан басқарушы тағайындап алады. Басқарушының талап етуіне орай ойынға қатысушылар тең екі топқа бөлінеді. Екі топтағы ойнаушылар да бірінің белінен бірі

құшақтап қатар тұрады. Олар тұрған жерден 25—30 метр қашықтықта көмбе белгіленеді. Басқарушының белгісі бойынша екі топ та сол қалыптарымен аяқтарын тепе-тең алып жүгіре жөнеледі. Қай топ көмбеге бұрын жетсе, сол жеңіске жетеді. Басқарушы ойын тәртібінің бұзылмауын қадағалап тұрады. Ойын қайталанып отырады. Ойынды әбден игергеннен кейін басқарушыны жаңадан сайлап алуға болады. Ойын балаларды топпен бірге қимылдарды орындауға, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелейді.

Айна

Мақсаты: Баланың зейіні мен байқампаздығын әрі әр түрлі дене қимылдарын жетілдіру.

Ойын барысы: Әр бала – «айна» болады. Жүргізуші әр айнаға бір барып, сол «айнаға» қарап, түрлі қимылдар жасайды. «Айна – бала» сол қимылдарды үлгіріп, әрі дәл қайталауы керек. Ең дұрыс «айна-бала» - жүргізуші болады. Ойын осылай қайталана береді.

Киіз үй

Мақсаты: балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшандыққа үйрету.

Ойын барысы: Төрт орындықты қояды. Әрбір орындықтың үстінде орамал жатады. Балалар орындықты айнала жүгіріп, тәрбиешінің дабылы бойынша «киіз үй» құрады: орамалдың бұрышынан ұстап жоғары көтереді.

«Алға жылдам жүр, тек жүгірме»

Мақсаты: Өкпені тыныс алуын, жалпы дене қимылын, ептілігін дамыту. **Ойын барысы:** Балалар бірінің артынан бірі екі қатарға түзіледі. Әр қатардың алдында тұрған баланың алдына старт сызығын сызады. 20-30 м қашықтықта мәре сызығы сызылады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар мәре сызығына жылдам жетулері керек. Жүгіруге болмайды: домалануға, айналуға, тіземен және төрт аяқтап жүруге болады және т.б. Мәреге жеткен соң балалар дағдылы жүріспен орындарына қайтып келеді.

«Ақсерек-көксерек» ойыны

Мақсаты: Балалар ептілікке, бірлікке, тобы үшін намыстанып, жеңіске талпынуға үйренеді.

Ойын барысы: Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам.

1-ші топ. Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек,

Бізден сізге кім керек. 2-ші топ.

Ақсерек-ау, ақ серек,

Сізден бізге ... (бала аты) керек.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса

береді

Түйілген орамал

Мақсаты: Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттырып, тіл ұстарту мақсатында ойлау, түсіну, есте сақтау, жаттап алу қабілеттерін жетілдіру.

Ойын барысы: Ойын жүргізуші «бір, екі, үш» деп дауыстағанда, ойыншылар жан-жаққа бытырап кетеді. Оның біреуінің қолында түйілген орамал болады. Ойын жүргізуші соны қуалайды. Ал ойыншылар орамалды бір-біріне лақтырып, қуғыншының қолына тигізбеуге тырысады. Орамалмен ұсталған ойыншы көпшіліктің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді.

Ханталапай

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарын дәріптеу арқылы балалардың интеллектуалдық, тапқырлық, ептілік, дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылық қабілеттерін дамыту. Топта жұмыс істей білуін қалыптастыру, патриоттық сезімдерін және Отанға, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін ояту.

Ойын барысы: Балалар шеңбер болып отырады. Жүргізіші: Ойынды бастар алдында «Талапай – ау, талапай. Табылды ойын алақай» деп айтады. Балалармен бірге қайталайды, қоржындағы асықтарды, отырған балаларға шашады. Балалар: Жарыса «Ханталапай» деп дауыстап, асықтарды таласып бөліп алады. Жинаған асықтарын санай бастайды, әр бала жинаған асықтарын тігіп, оларды атуға дайындалады. Хан асығы қолына түскен бала ойынды бірінші бастайды. Тигізген асықтарды ұтып алады. Тигізе алмай қалған жағдайда ойын жүргізушінің тапсырмасын орындайды. Ол үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес интеллектуалдық тапсырмалар алдын ала дайындалады

Жүйріктер жеңеді

Мақсаты: ұжымдық әрекет жасауға, шапшандыққа үйретеді.

Ойын барысы: Ойынға қатысушылар көк және сары топ болып екі топқа бөлінеді. Бір төбенің үстіне ойыншыларға түгелдей жетерлік мөлшерде көк және сары таяқшалар тасталады. Ойынды жүргізуші ретінде басқарушы тағайындалады. Ол төрешілік міндетті қоса атқарады. Төрешінің белгісі бойынша ойынға қатысушылар белгіленген көмбеге қарай тұра жүгіреді. Жеткен ойыншы өз командасының түсіне сай бір-бір таяқшаны алып кері жүгіреді де, сөре сызыққа әкеп қояды. Қай түсті топтың ойыншылары өз командасының бояуына сәйкес таяқты белгілеген мерзімге көбірек алып келсе, сол топ жеңеді.

СЕРГІТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Жинақтаған: «Алданыш» бөбекжайы» КМҚК қазақ тілі мұғалімі
Ж.Е.Естаева

Сәлем!

Сәлем! Сәлем! Сәлем!

Қалың қалай? Сәлем! Сәлем!

Сәлем! Қалың қалай?

Жақсы! Тамаша! Ке-ре-мет! Жақсы! Тамаша! Ке-ре-мет!

Сәлем! Сәлем! Сәлем! Қалың қалай? Сәлем! Сәлем!

Сәлем! Қалың қалай?

Шаршадым. Қарным аш. Онша емес Шаршадым. Қарным аш. Онша емес.

Сәлем! Сәлем! Сәлем! Қалың қалай? Сәлем! Сәлем!

Сәлем! Қалың қалай?

Сәлем! Сәлем!

Сәлем! Сәлем! Шапалақ соғайық. Сәлем! Сәлем!

Шапалақ соғайық.

Көкке керіліп, аяқты ұстайық,

Айналып тұрайық, сәлем жолдайық.

Сәлем! Сәлем!

Аяқпен таптайық.

Сәлем! Сәлем!

Аяқпен таптайық.

Көкке керіліп, аяқты ұстайық,

Айналып тұрайық, сәлем жолдайық.

Сәлем! Сәлем!

Шапалақ соғайық.

Сәлем! Сәлем!

Аяқпен таптайық.

Қайырлы таң!

Таң атып әтеш те шықты алаңға,

Даусымен шақырады бізді ойнауға.

Таң атып әтеш те шықты алаңға,

Даусымен шақырады бізді ойнауға.

Кукареку, кукареку,

Қайырлы таң, табиғат!

Көңіл-күй

Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ,
Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ,
Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ, шапалақ,
Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ.
Ашулы болып тұрсаң сен, жерді теп,
Ашулы болып тұрсаң сен, жерді теп,
Ашулы болып тұрсаң сен, жерді теп, жерді теп,
Ашулы болып тұрсаң сен, жерді теп.

Қорқып тұрсаң, қолыңмен бетті жап,
Қорқып тұрсаң, қолыңмен бетті жап,
Қорқып тұрсаң, қолыңмен бетті жап, бетті жап,
Қорқып тұрсаң, қолыңмен бетті жап.

Ұйқың келсе, екі қолды қосып жат,
Ұйқың келсе, екі қолды қосып жат,
Ұйқың келсе, екі қолды қосып жат, қосып жат,
Ұйқың келсе, екі қолды қосып жат,
Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ,
Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ,
Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ, шапалақ,
Көңіл-күй жақсы болса, ұр шапалақ.

Артикуляциялық жаттығулар

«Күшік»

Орындалу әдісі: Ауызды сәл ашып, үстіңгі ерін мен үстіңгі тістердің арасына тілді қойып, осы қалыпта 5 секундтай ұстап тұру.

«Әткеншек»

Орындалу әдісі: Күлімсіреу, ауызды ашу тіл ұшын үстіңгі тістердің артына, содан кейін астыңғы тістердің артына қою. 4-5 рет қайталанады.

«Ине»

Орындалу әдісі: Ауызды кең ашып, тілді алға қарай созып, оны 10-15 секунд ұстап тұру. 3-4 рет қайталанады.

«Төбешік»

Орындалуы: Ауызды жартылай ашып, тілдің ұшын астыңғы тістің артқы жағына қойып, сол қалыпта ұстап тұру. 4-5 рет қайталанады.

«Мысық»

Орындалу әдісі: күлімсіреу, үстіңгі және астыңғы тістердің арасын қосып, тілдің ұшын алдымен үстіңгі тістерге, содан кейін төменгі тістерге тигізу. 3-4 рет қайталанады.

«Жылан»

Орындалу әдісі: Ауызды кең ашып, тілді созып, ауыз қуысынан шығару, қайтадан ауыз қуысына, орнына қою. 3-4 рет қайталанады.

«Тістерді тазалайық»

Орындалу әдісі: Күлімсіреу, ауызды сәл ашып, тістерді көрсету және тілдің ұшымен үстіңгі және астыңғы тістерді сыртқы және ішкі жағынан жүргізу (тістерді тазалау). 4-5 рет қайталанады.

«Сағат»

Орындалу әдісі: Ауызды ашу, тілді ауыз қуысынан шығарып, оңға, солға баяу қозғалту. 15-20 рет қайталанады.

САУСАҚТАРМЕН ОРЫНДАЛАТЫН СЕРГІТУ СӘТТЕРІ

«Алма бағы»

Алма баққа барайық, (*Екі саусақ ұшымен жүру*)

Алма жинап алайық. (*Алма тергендей қимыл көрсету*)

Қол жетпесе алмаға, (*Қолды жоғарыға созу*)

Секіріп қол созайық.

Ең үлкенін дәмдісін, (*Саусақтарды ауада үлкен етіп дөңгелету*)

Әжемізге сыйлайық. (*Табыс ету*)

«Он саусақ»

Жалғыз саусақ тіпті де, (*сұқ саусақты ашып жұмамыз*)

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті, (*бас бармақ пен сұқ саусақты қосамыз*)

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды, (*бас бармақ пен сұқ саусақты және ортанғыны қосып қимыл жасаймыз*)

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ! (*он саусақты көрсетеміз*)

Қала салсақ, жол салсақ. (*қолымызды алға қарай созамыз*)

«Моншақ»

Саны болар оншақты,

Шашып алдым моншақты.

Шымшып, теріп аламын,

Қорабына саламын.

(Саусақтармен моншақтың санын көрсету. Бір қолмен саусақтарды түйістіріп, «шашылған моншақтарды» екінші қолмен жинау)

(Г.Абдрахимова)

«Үй»

Қазықтарды қададым, Кірпіштерді қаладым. Салып алып үлкен үй, Сүйсініп көп қарадым.

(Екі қолдың саусақтарын түзу ұстап, бір-бірінің үстіне қойып, кірпіш қалағандай қимыл жасау. Екі қолдағы кішкентай саусақтар мен бас бармақтарды бұғу, қалған саусақтарды бір-біріне тигізіп, үй жасау)

(Г.Абдрахимова)

«Ара»

Ара гүлден гүлге ұшып,

Бал жинауға асығады.

Аю ұрлап кетпесін деп,

Ұясына жасырады.

(Алақандарын жазып, араның қанатын келтіреді. Сұқ саусақ пен ортан терек саусақты аюдың аяғы деп үстел бетінде жүргізу.)

(Г.Абдрахимова)

«Тордағы құс»

Обал жасап құстарға,

Торға қамап ұстама!

Құс боп неге жаралды,

Еркін самғап ұшпаса?

(Екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізіп, құстың торын жаса. Қолдарын айқастырып, құстың қанатын жасайды)

(Г.Абдрахимова)

ҚИМЫЛДАРМЕН ОРЫНДАЛАТЫН СЕРГІТУ СӘТТЕРІ

Бойыңды сергек тік ұста

Емін – еркін тыныста

Деміңді ішке тез алда,

Сол қолыңды соз алға.

Қол ұшына қара да,

Үшбұрыш сыз ауада.

Оң қол да бос тұрмасын,

Шеңбер жасап зырласын.

Алма баққа барайық,
Алма теріп алайық.
Ең үлкен алманы,
Анамызға сылайық.

Қане қанат жазайық,
Қарлығашқа ұқсайық.
Ұшып-ұшып алайық,
Орнымызға қонайық.
Білімде алда болайық.

Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір,
Оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.

Орнымыздан тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Бір отырып, бір тұрып,
Біз дем алайық.

Құлақты, саусақты,
Қолыңды, аяқты,
Сабындап жуыңдар,
Ертерек тұрыңдар.

Секірейік, жүгірейік,
Қуанайық, күлейік.
Отырайық, дем алайық,
Дем алып-ап жүрейік.

Аю, аю, тұршы
Бетінді жушы,
Шашыңды тарашы,
Айнаға қарашы,

Бізбен бірге ойнашы.

Денсаулықты сүйеміз
Шынығамыз күнде біз
Бір-екі-үш!
Бір-екі-үш!
Бұлшық етте міне күш!

Күнге қарайық,
Шашымызды тарайық.
Керіліп, дем алайық,
Бойымызды жазайық.

**Басқа тілде оқытатын мектепке дейінгі ұйымдарда
қазақ тілін үйрету үшін «Тілге бойлау» бағдарламасын
меңгерту бойынша жүргізілетін
МОНИТОРИНГ КРИТЕРИЙЛЕРІ МЕН ИНДИКАТОРЛАРЫ**

ҚЫРКҮЙЕК (2024жыл)

Ересек топ (4 жастағы балалар)			
Физикалық қасиеттерді дамыту			
4-Ф.1	таңертеңгі жаттығуды орындауда және мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыруда қазақ тілінде айтылған нұсқауларды тыңдайды:		
	<i>тыңдайды</i>	<i>ішінара тыңдайды</i>	<i>тындамайды</i>
4-Ф.2	іс-қимылды білдіретін сөздерді (жүр, отыр, тұр, бар) түсінеді және іс-қимылдарды орындайды:		
	<i>түсінеді, орындайды</i>	<i>түсінеді, ішінара орындайды</i>	<i>түсінбейді, орындамайды</i>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту			
4-К.1	қазақ тілінде сәлемдеседі және қоштасады (Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз!):		
	<i>сәлемдеседі және қоштасады</i>	<i>сәлемдесуге және қоштасады талпынады</i>	<i>сәлемдеспейді, қоштаспайды</i>
4-К.2	педагогтің айтқан сөзін тыңдайды, қайталап айтады:		
	<i>тыңдайды, қайталап айтады</i>	<i>тыңдайды, ішінара қайталап айтады</i>	<i>тыңдамайды, қайталап айтпайды</i>
4-К.3	қазақ тіліне тән «ә» дыбысын айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға талпынады</i>	<i>айта алмайды</i>
4-К.4	күнделікті жиі қолданылатын сөздерді (шәй, сәбіз, тәтті, балабақша, ән, топ, тәрбиеші, нан, алма) педагогпен бірге қайталайды:		
	<i>қайталайды</i>	<i>кейбіреуін қайталайды</i>	<i>қайталамайды</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			
4-Т.1	педагогпен бірге 1-ден 3-ке дейін санайды:		
	<i>педагогпен бірге санайды</i>	<i>педагогпен бірге санауға талпынады</i>	<i>санамайды</i>
4-Т.2	геометриялық фигураның қазақ тіліндегі атауын (үшбұрыш) біледі:		
	<i>біледі</i>	<i>білуге талпынады</i>	<i>білмейді</i>
4-Т.3	сөздік минимумда берілген түстерді (ақ, қара) педагогпен бірге атайды:		
	<i>педагогпен бірге атайды</i>	<i>педагогпен бірге атауға тырысады</i>	<i>атамайды</i>
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			
4-Ш.1	шығармашылық іс-әрекетінде қазақ халқының тұрмыстық заттарына қызығушылық танытады:		
	<i>қызығушылық танытады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
4-Ш.2	сурет салуда, жапсыруда, мүсіндеуде, құрастыруда жиі қолданатын заттардың қазақ тілінде атауларын (қағаз, бояу, қалам, қайшы, желім, ермексаз) педагогпен бірге қайталайды:		
	<i>қазақ тілінде педагогпен бірге қайталайды</i>	<i>қазақ тілінде педагогпен бірге ішінара қайталайды</i>	<i>қайталамайды</i>
4-Ш.3	сөздік минимумда берілген түстерді (ақ, қара) педагогпен бірге атайды:		

	<i>педагогпен бірге атайды</i>	<i>педагогпен бірге атауға талпынады</i>	<i>атамайды</i>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
4-Ә.1	қазақ тілінде сәлемдеседі және қоштасады (Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз!):		
	<i>сәлемдеседі және қоштасады</i>	<i>сәлемдесуге және қоштасады талпынады</i>	<i>сәлемдеспейді, қоштаспайды</i>
4-Ә.2	күнделікті тұтынатын жемістер мен көкөністердің атауларын (алма, өрік, шие, қияр, сәбіз) педагогпен бірге қайталайды:		
	<i>қайталайды</i>	<i>кейбіреулерін қайталайды</i>	<i>қайталай алмайды</i>
4-Ә.3	қоршаған ортадағы заттардың қазақ тіліндегі атауларын (үстел, орындық, топ, доп, қуыршақ, кітап) педагогпен бірге айтады:		
	<i>педагогпен бірге айтады</i>	<i>педагогпен бірге айтуға тырысады</i>	<i>айта алмайды</i>
Мектепалды топ (5 жастағы балалар)			
Физикалық қасиеттерді дамыту			
5-Ф.1	таңертеңгі жаттығуды орындауда қазақ тілінде айтылған нұсқауларды тыңдайды және түсінеді:		
	<i>тыңдайды, түсінеді</i>	<i>тыңдайды, ішінара түсінеді</i>	<i>тыңдайды, бірақ түсінбейді</i>
5-Ф.2	педагогтің қазақ тілінде берген нұсқауларын түсінеді:		
	<i>түсінеді</i>	<i>ішінара түсінеді</i>	<i>түсінбейді</i>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту			
5-К.1	қазақ тілінде сәлемдеседі және қоштасады (Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз!):		
	<i>сәлемдеседі және қоштасады</i>	<i>сәлемдесуге және қоштасуға талпынады</i>	<i>сәлемдеспейді, қоштаспайды</i>
5-К.2	қазақ тіліне тән «ә», «ө» дыбыстарын айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға талпынады</i>	<i>айта алмайды</i>
5-К.3	күнделікті жиі айтылатын сөздік минимумда берілген сөздерді (доп, үстел, алма, шие, өрік, кесе, қой-қозы, шалбар, етік) педагогпен бірге қайталайды:		
	<i>педагогпен бірге қайталайды</i>	<i>педагогпен бірге кейбіреуін қайталайды</i>	<i>қайталамайды</i>
5-К.4	туыстық қатынасты білдіретін сөздерді («ана», «әке», «ата», «әже») түсінеді:		
	<i>түсінеді</i>	<i>кейбіреуін түсінеді</i>	<i>түсінбейді</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			
5-Т.1	педагогпен бірге 1-ден 5-ке дейін санайды:		
	<i>педагогпен бірге санайды</i>	<i>педагогпен бірге санауға тырысады</i>	<i>педагогпен бірге санамайды</i>
5-Т.2	геометриялық фигуралардың қазақ тіліндегі атауларын (дөңгелек, үшбұрыш) біледі:		
	<i>біледі</i>	<i>ішінара біледі</i>	<i>білмейді</i>
5-Т.3	күз айларының (қыркүйек, қазан, қараша) және жыл мезгілін (күз) қазақ тілінде атауларын біледі және атайды:		
	<i>біледі, атайды</i>	<i>біледі, кейбіреуін атайды</i>	<i>білмейді, атай алмайды</i>
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			
5-Ш.1	педагогтің айтқан сөзін тыңдайды және қайталайды:		
	<i>тыңдайды, қайталайды</i>	<i>тыңдайды, ішінара қайталайды</i>	<i>тындамайды, қайталай алмайды</i>
5-Ш.2	сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыруда жиі қолданатын заттардың қазақ тіліндегі атауларын (қағаз, желім, ермексаз, қайшы, бояу, қалам) педагогтің		

	көмегімен айтады:		
	<i>педагогтің көмегімен айтады</i>	<i>педагогтің көмегімен айтуға талпынады</i>	<i>педагогтің көмегімен айтуға талпынбайды</i>
5-Ш.3	қазақ халқының музыкалық аспаптарына қызығушылық танытады:		
	<i>қызығушылық танытады</i>	<i>ішінара қызығушылық танытады</i>	<i>қызығушылық танытпайды</i>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
5-Ә.1	қазақ тілінде сәлемдеседі және қоштасады (Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз!):		
	<i>сәлемдеседі және қоштасады</i>	<i>сәлемдесуге және қоштасуға талпынады</i>	<i>сәлемдеспейді, қоштаспайды</i>
5-Ә.2	өзі туралы қазақ тілінде педагогтің көмегімен айтады:		
	<i>педагогтің көмегімен айтады</i>	<i>педагогтің көмегімен айтуға тырысады</i>	<i>педагогтің көмегімен айтуға тырыспайды</i>
5- Ә.3	жемістердің қазақ тілінде атауларын (алма, алмұрт, өрік, шие) педагогпен бірге қайталайды:		
	<i>қайталайды</i>	<i>қайталауға талпынады</i>	<i>қайталай алмайды</i>

ҚАЗАН (2024жыл)

Ересек топ (4 жастағы балалар)			
Физикалық қасиеттерді дамыту			
4-Ф.3	қазақ тілінде айтылған қимылды және ұлттық ойындардың ережелерін тыңдайды және түсінеді:		
	<i>тыңдайды және түсінеді</i>	<i>тыңдайды, ішінара түсінеді</i>	<i>тындамайды, түсінбейді</i>
4-Ф.4	іс-қимылды білдіретін сөздерді (апар, бер, ал, әкел) түсінеді және іс-қимылдарды орындайды:		
	<i>түсінеді, орындайды</i>	<i>түсінеді, ішінара орындайды</i>	<i>түсінбейді, орындамайды</i>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту			
4-К.5	қазақ тілінде өтініш білдіре алады (алуға бола ма?):		
	<i>білдіре алады</i>	<i>білдіруге тырысады</i>	<i>білдірмейді</i>
4-К.6	қазақ тіліне тән «ө» дыбысын айтады:		
	<i>айтады</i>	<i>айтуға талпынады</i>	<i>айта алмайды</i>
4-К.7	педагогтің айтқан сөзін қайталап айтады:		
	<i>қайталап айтады</i>	<i>қайталап айтуға талпынады</i>	<i>қайталап айтпайды</i>
4-К.8	күнделікті жиі қолданылатын сөздерді (күз, ит, қой, қозы, май, өрік, сабын, су, лақ-ешкі) педагогпен бірге қайталайды:		
	<i>қайталайды</i>	<i>кейбіреуін қайталайды</i>	<i>қайталамайды</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			
4-Т.4	педагогпен бірге 4-тен 5-ке дейін санайды:		
	<i>педагогпен бірге санайды</i>	<i>педагогпен бірге санауға талпынады</i>	<i>санамайды</i>
4-Т.5	геометриялық фигураның қазақ тіліндегі атауын (дөңгелек) біледі:		
	<i>біледі</i>	<i>білуге талпынады</i>	<i>білмейді</i>
4-Т.6	сөздік минимумда берілген кеңістікті бағдарлау сөздерін (оң, сол) педагогпен бірге айтады:		

	<i>педагогпен бірге айтады</i>	<i>педагогпен бірге айтуға тырысады</i>	<i>айтпайды</i>
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			
4-III.4	қазақ халқының ұлттық аспабы домбыраны таниды:		
	<i>таниды</i>	<i>тануға тырысады</i>	<i>танымайды</i>
4-III.5	сөздік минимумда берілген түстерді (көк, жасыл) педагогпен бірге атайды:		
	<i>педагогпен бірге атайды</i>	<i>педагогпен бірге атауға тырысады</i>	<i>атамайды</i>
4-III.6	құрастыруда құрылыс бөлшегінің атауын (текше) педагогпен бірге айтады:		
	<i>қазақ тілінде айтады</i>	<i>қазақ тілінде ішінара айтады</i>	<i>қазақ тілінде айтпайды:</i>
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру			
4-Ә.4	қазақ тілінде сәлемдеседі және қоштасады (Қайырлы таң! Сәлеметсіз бе! Сау болыңыз!):		
	<i>сәлемдеседі және қоштасады</i>	<i>сәлемдесуге және қоштасуға талпынады</i>	<i>сәлемдеспейді, қоштаспайды</i>
4-Ә.5	үй жануарларының атауларын (мысық, ит, қой, лақ, сиыр) біледі:		
	<i>біледі</i>	<i>ішінара біледі</i>	<i>білмейді</i>
4-Ә.6	Отан туралы шағын өлеңдер мен тақпақтарды педагогпен бірге айтады:		
	<i>педагогпен бірге айтады</i>	<i>педагогпен бірге ішінара айтады</i>	<i>айта алмайды</i>
Мектепалды топ (5 жастағы балалар)			
Физикалық қасиеттерді дамыту			
5-Ф.3	таңертеңгі жаттығулар барысында қазақ тілінде айтылған нұсқауларды орындайды:		
	<i>орындайды</i>	<i>ішінара орындайды</i>	<i>орындамайды</i>
5-Ф.4	іс-қимылды білдіретін сөздерді (жүр, отыр, тұр, бар) түсінеді және іс-қимылдарды орындайды:		
	<i>түсінеді, орындайды</i>	<i>түсінеді, ішінара орындайды</i>	<i>түсінбейді, орындамайды</i>
Коммуникативтік дағдыларды дамыту			
5-К.5	қарапайым сөз тіркестерін (2-3 сөз) дұрыс қайталайды:		
	<i>дұрыс қайталайды</i>	<i>дұрыс қайталауға тырысады</i>	<i>дұрыс қайталай алмайды</i>
5-К.6	қазақ тілінде қойылған сұрақтарды тындайды:		
	<i>тындайды</i>	<i>ішінара тындайды</i>	<i>тындамайды</i>
5-К.7	шағын ертегілер мен шығармалардың мазмұнын тындайды:		
	<i>тындайды</i>	<i>ішінара тындайды</i>	<i>тындамайды</i>
5-К.8	санамақтар мен қысқа тақпақтарды педагогпен бірге қайталайды:		
	<i>қайталайды</i>	<i>кейбіреуін қайталайды</i>	<i>қайталай алмайды</i>
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			
5-Т.4	педагогпен бірге 5-тен 10-ға дейін санайды:		
	<i>педагогпен бірге санайды</i>	<i>педагогпен бірге санауға тырысады</i>	<i>педагогпен бірге санамайды</i>
5-Т.5	геометриялық фигуралардың қазақ тіліндегі атауларын (шаршы, сопақша) біледі:		
	<i>біледі</i>	<i>ішінара біледі</i>	<i>білмейді</i>
5-Т.6	сөздік минимумда берілген кеңістікті бағдарлау сөздерін (оң, сол, жоғары, төмен) педагогпен бірге айтады:		

	<i>айтады</i>	<i>ішінара айтады</i>	<i>айта алмайды</i>
